

Егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік резервтен мөлдір мұнай өнімдерін бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 27 тамыздағы N 291

1. Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары әкімдерінің село тауар өндірушілеріне егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік резервтен мөлдір мұнай өнімдерін:

Ақмола облысына - 15 мың тонна дизель отынын;

Қостанай облысына - 15 мың тонна дизель отынын және 3 мың тонна бензин;

Солтүстік Қазақстан облысына - 15 мың тонна дизель отынын және 3 мың тонна бензин бөлу туралы ұсыныстары қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті жоғарыда аталған мақсаттарға мемлекеттік резервтен жаңалау тәртібімен 45 мың тонна дизель отынын және 6 мың тонна бензинді оны 1997 жылдың 1 желтоқсанына дейін қайтару шартымен және республикалық бюджеттің кірісіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша тауар несиесін пайдаланған кезең үшін бір тонна дизель отынының 11375 теңге және бензин - 16500 теңге нарықтық бағасына сүйене отырып, Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары әкімдерінің кепілдік міндеттемелеріне босатсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Павлов А.С.) жанар-жағар материалдарды қайтару кідірілген жағдайда оны облыстардың бюджетінен қайтарып алсын.

4. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының орынбасары Ө.Е.Шүкеевке жүктелсін.

Премьер-Министр